



Педагогикалық қызметкерлердің жекелеген санаттарына оқу /педагогикалық/ жүктемесі нормасын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 2 қыркүйек N 1078. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002 жылғы 17 маусымдағы N 665 қаулысымен. ~P020665

"Қазақстан Республикасының білім беру мәселелері жөніндегі кейбір заң актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 27 қаңтардағы N 2829 U962829_ Заң күші бар Жарлығын /Қазақстан Республикасының Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 183-бап/ орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

ЕСКЕРТУ. Кіріспеден сөздер алынып тасталды - ҚРҰ-нің 1997.02.06.

N 170 қаулысымен. P970170_

1. 1996/97 оқу жылына арналған жалпы білім беретін орта және кәсіби-техникалық мектептердің мұғалімдері мен оқытушылары үшін мынадай мөлшерде оқу /педагогикалық/ жүктемесі бекітілсін:

жалпы білім беретін орта мектептің алғашқы басқыш мұғалімдері үшін -
аптасына 2 0 сағат ;

жалпы білім беретін орта мектептің екінші және үшінші басқыш

мұғалімдері мен кәсіби-техникалық мектептердің оқытушылары үшін -
аптасына 18 сағат.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.11.26.

N 1448 қаулысымен.

P961448_

2. Аталған өзгертулер білім беруге және кадрларды 1996/97 оқу жылының үшінші тоқсанынан бастап кәсіби даярлауға арналып 1996 жылы бөлінген бюджеттік қаражат шегінде жүргізілсін. Артылған қаражат олардың нақтылы оқу жүктемесіне байланысты аталған педагогикалық қызметкерлердің санаттарына үстемеақы, қосымша ақы төлеуге

бағытталсын.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілсін - ҚРҰ-нің 1996.11.26.
N 1448 қаулысымен.

P961448_

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК